

Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы


Оқу-әдістемелік кеңесінің отырысы

БЕКІТЕМІН

Оқу-әдістемелік кеңесінің

төрағасы

полиция полковнигі

 Е.М. Бимолданов

2025 ж. « 13 » қараша

Өткізу уақыты:

2025 ж. 13 қараша, сағ. 14.30

Өткізу орны:

мәжіліс залы

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың 2025-2026 оқу жылының 1-ші академиялық кезеңіндегі 1-ші межелік бақылау қорытындылары туралы.

*Білім сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшесінің бастығы полиция подполковнигі Р.Б. Омаровтың ақпараты.*

2. 2025-2026 оқу жылында кафедралардың қысқы емтихан сессиясын өткізу үшін ұсынған тест тапсырмаларын сараптау нәтижелері туралы.

*Білім сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшесінің бастығы полиция подполковнигі Р.Б. Омаровтың ақпараты.*

3. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның бағдарламасын талқылау.

*Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының бастығы Д.Н. Садуакасованың ақпараты.*

4. Академияның білім алушыларына сауалнама жүргізу нәтижелері туралы.

*Білім сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшесінің бастығы полиция подполковнигі Р.Б. Омаровтың ақпараты.*

5. Әр түрлі.

- 5.1. «Профессорлық-оқытушылар құрамының сабақтарға өзара қатысуын жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды» қарастыру.

*Оқу-әдістемелік орталығының бастығы полиция полковнигі И.Р. Сағымбаеваның ақпараты.*

- 5.2. ІІМ білім беру ұйымдарында ғылыми әлеуетті арттыру және кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін жетілдірудің 2024-2028 жылдарға арналған бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды орындау жоспарының 1.3.6. Алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге негізделген дәлелді профилактика бойынша IT-салада дағдылары бар криминалогтарды даярлау бағдарламаларын әзірлеу және сынақтан өткізу туралы тармағын орындау туралы.


Қылмыстық құқық және кримнология  
кафедрасының бастығы полиция полковнигі  
С.А. Сейлханованың ақпараты.

6. Академияның оқу процесіне тәжірибеге бағытталған оқытуды енгізу: тәсілдері,  
тәжірибесі және келешектегі даму бағыттары» ақпараттық-әдістемелік семинар.  
ОӘК мүшелері мен профессорлық-оқытушылар  
құрамы.

Оқу-әдістемелік кеңестің хатшысы  
полиция подполковнигі



Г. Қаланбек



Қазақстан Республикасы ІІМ  
М. Есболатов атындағы  
Алматы академиясы  
Оқу-әдістемелік кеңесінің  
төрағасы  
полиция полковнигі  
Е.М. Бимолдановқа

### Баянат

Оқу-әдістемелік кеңес жұмысының 2025-2026 оқу жылына арналған жоспарына сәйкес желтоқсан айында өткізу жоспарланған **«Академияның оқу процесіне тәжірибеге бағытталған оқытуды енгізу: тәсілдері, тәжірибесі және келешектегі даму бағыттары»** тақырыбындағы ақпараттық-әдістемелік семинарды Академияның ғылыми-зерттеу жұмысы жоспарының аясында және 10 қараша – Дүниежүзілік ғылым күніне орай, ағымдағы жылғы 13 қарашада өткізуге рұқсат беруіңізді сұраймыз.

Оқу-әдістемелік кеңес  
төрағасының орынбасары  
полиция полковнигі










И. Сагымбаева

2025 жылғы « 31 » 10



**КЕЛУ ПАРАҒЫ**

| №              | Тегі, аты, әкесінің аты                            | Отырысқа қатысқаны туралы қолы                                                        |
|----------------|----------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------|
| 1              | 2                                                  | 3                                                                                     |
| 1.             | Ержан Малаевич Бимолданов /төраға/                 |    |
| 2.             | Индира Рахатовна Сағымбаева /төрағаның орынбасары/ |    |
| 3.             | Галымжан Бауыржанович Чукумов                      |    |
| 4.             | Александр Герасимович Кан                          |    |
| 5.             | Айдос Абдрахманович Ескендиров                     |    |
| 6.             | Арман Жайылбекұлы Бектас                           |    |
| 7.             | Тамара Муслимовна Коржумбаева                      |    |
| 8.             | Дина Нигматуллаевна Садуакасова                    |    |
| 9.             | Саида Айдарбековна Сейлханова                      |   |
| 10.            | Рашида Турсуновна Кадырова                         |  |
| 11.            | Медет Темирбекович Койлыбаев                       |  |
| 12.            | Арман Тасбулатович Абдахметов                      |  |
| 13.            | Асхат Даниярұлы Данияр                             |  |
| 14.            | Бекзат Мухтарович Нарбаев                          |  |
| 15.            | Руслан Бағымбекович Омаров                         |  |
| 16.            | Айнур Александровна Тен                            |  |
| 17.            | Камиль Турсунович Ушуров                           |  |
| 18.            | Ерлан Жумабекович Буашев                           |  |
| 19.            | Мухит Есенгельдиевич Нургазиев                     |  |
| 20.            | Алтынай Ермековна Кырыктанова                      |  |
| 21.            | Алихан Ержанұлы Сарбасов                           |  |
| Шақырылғандар: |                                                    |                                                                                       |
| 1.             | Эльмира Михтатовна Насырова                        |  |
| 2.             | Әділет Даулетханович Сулейменов                    |  |
| 3.             | Азамат Рахимбердыевич Батымбетов                   |  |
| 4.             | Бекжан Бекенович Тельтаев                          |  |
| 5.             | Сауле Сериковна Жандыбаева                         |  |
| 6.             | Ермұхаммед Бегалыұлы Асанбаев                      |  |
| 7.             | Меиз Маратовна Рахимбаева                          |  |

**Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы  
Алматы академиясы Оқу-әдістемелік кеңесі отырысының  
№3 ХАТТАМАСЫ**

Өткізу уақыты:

2025 ж. 13 қараша, сағ.14.30.

Өткізу орны:

бейнеконференц байланыс  
залы

Қатысқандар:

23 адам, оның ішінде  
Оқу-әдістемелік кеңестің  
мүшелері - 16

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың 2025-2026 оқу жылының 1-ші академиялық кезеңіндегі 1-ші межелік бақылау қорытындылары туралы.

*Білім сапасын мониторингтеу және бақылау  
(бағалау) бөлімшесінің бастығы полиция  
подполковнигі Р.Б. Омаровтың ақпараты.*

2. 2025-2026 оқу жылында кафедралардың қысқы емтихан сессиясын өткізу үшін ұсынған тест тапсырмаларын сараптау нәтижелері туралы.

*Білім сапасын мониторингтеу және бақылау  
(бағалау) бөлімшесінің бастығы полиция  
подполковнигі Р.Б. Омаровтың ақпараты.*

3. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның бағдарламасын талқылау.

*Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының  
бастығы Д.Н. Садуакасованың ақпараты.*

4. Академияның білім алушыларына сауалнама жүргізу нәтижелері туралы.

*Білім сапасын мониторингтеу және бақылау  
(бағалау) бөлімшесінің бастығы полиция  
подполковнигі Р.Б. Омаровтың ақпараты.*

5. Әр түрлі.

- 5.1. «Профессорлық-оқытушылар құрамының сабақтарға өзара қатысуын жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды» қарастыру.

*Оқу-әдістемелік орталығының бастығы полиция  
полковнигі И.Р.Сағымбаеваның ақпараты.*

- 5.2. ІІМ білім беру ұйымдарында ғылыми әлеуетті арттыру және кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін жетілдірудің 2024-2028 жылдарға арналған бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды орындау жоспарының 1.3.6. Алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге негізделген дәлелді профилактика бойынша ІТ-салада дағдылары бар криминалогтарды даярлау бағдарламаларын әзірлеу және сынақтан өткізу туралы тармағын орындау туралы.



*Қылмыстық құқық және криминология  
кафедрасының бастығы полиция полковнигі  
С.А. Сейіханованың ақпараты.*

6. ОӘК мүшелеріне арналған ақпараттық-әдістемелік семинар «Академияның оқу процесіне тәжірибеге бағытталған оқытуды енгізу: тәсілдері, тәжірибесі және келешектегі даму бағыттары».

*Кеңес мүшелері мен профессорлық-оқытушылар  
құрамы*

Келу парағына сәйкес Оқу-әдістемелік кеңеске (бұдан әрі – Кеңес) барлығы 23 адам, соның ішінде Кеңестің 16 мүшесі қатысты. Кеңес жүргізу үшін кворум сақталды және шешім қабылдауға құқылы.

**Күн тәртібінің бірінші сұрағы бойынша:** Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың 2024-2025 оқу жылының 1-ші академиялық кезеңіндегі 1-ші межелік бақылау қорытындылары туралы Білім сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшесінің бастығы полиция подполковнигі Р.Б. Омаровтың ақпараты тыңдалды (анықтама қоса беріледі).

**Кеңес шешім етті:**

1. Полиция подполковнигі Р.Б. Омаровтың ақпараты назарға алынсын.
2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың 2025-2026 оқу жылының 1-ші академиялық кезеңіндегі 1-ші межелік бақылау қорытындылары қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Кафедра бастықтары межелік бақылау нәтижелерін оқу процесінің сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлей отырып, кафедра отырысында ұдайы қарастырсын.

**Күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша:** Білім сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшесінің бастығы полиция подполковнигі Р.Б. Омаров 2025-2026 оқу жылында кафедралардың қысқы емтихан сессиясын өткізу үшін ұсынған тест тапсырмаларын сараптау нәтижелері туралы баяндады (анықтама беріледі).

**Кеңес шешім етті:**

1. Полиция подполковнигі Р.Б. Омаровтың ақпараты назарға алынсын.
2. 2025-2026 оқу жылында кафедралардың қысқы емтихан сессиясын өткізу үшін ұсынған тест тапсырмаларын сараптау нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Кафедра бастықтары емтихан билеттерінің әзірлеу сапасын, дұрыс құрылуы мен ресімделуін ерекше бақылауға алсын.

**Күн тәртібінің үшінші сұрағы бойынша:** Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының бастығы Д.Н. Садуакасова Кеңес мүшелеріне «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның бағдарламасын талқылауға ұсынды (материалдар қоса беріледі).



### **Кеңес шешім етті:**

1. Д.Н. Садуакасованың ақпараты назарға алынсын.

2. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның бағдарламасы мақұлданып, Ғылыми кеңестің қарауына ұсынылсын.

**Күн тәртібінің төртінші сұрағы бойынша:** Білім сапасын мониторингтеу және бақылау (бағалау) бөлімшесінің бастығы полиция подполковнигі Р.Б. Омаров Академияның білім алушыларына сауалнама жүргізу нәтижелері туралы баяндады (анықтама беріледі).

### **Кеңес шешім етті:**

1. Полиция подполковнигі Р.Б. Омаровтың ақпараты назарға алынсын.

2. Академияның білім алушыларына жүргізілген сауалнама нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

3. БСМББ (Р.Б. Омаров) оқыту сапасын бағалау, оқу процесін ұйымдастыру, оқытушылардың кәсібилігі және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша кері байланыс алу және білім беру процесінің нәтижелілігін жан-жақты және объективті талдау мақсатында Академияның білім алушыларына жүргізілетін сауалнаманы жетілдіру ұсынылады.

### **5. Әр түрлі.**

**5.1.** Оқу-әдістемелік орталығының бастығы полиция полковнигі И.Р.Сағымбаева Кеңестің қарауына Академияда академиялық сапаны қамтамасыз ету мақсатында Оқу-әдістемелік орталығының ұжымымен әзірленген «Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясында профессорлық-оқытушылар құрамының сабақтарға өзара қатысуын жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды» (коса беріледі) ұсынды.

### **Кеңес шешім етті:**

1. Полиция полковнигі И.Р. Сағымбаеваның ақпараты назарға алынсын.

2. ОӨО (И.Р. Сағымбаева) «Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясында профессорлық-оқытушылар құрамының сабақтарға өзара қатысуын жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды» Ғылыми кеңестің бекітуіне ұсынсын.

**5.2.** ІІМ білім беру ұйымдарында ғылыми әлеуетті арттыру және кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін жетілдірудің 2024-2028 жылдарға арналған бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды орындау жоспарының 1.3.6. Алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге негізделген дәлелді профилактика бойынша ІТ-салада дағдылары бар криминологтарды даярлау бағдарламаларын әзірлеу және сынақтан өткізу туралы тармағын орындау бойынша қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы полиция полковнигі С.А. Сейлханова ұсыныстарын білдірді.

### **Кеңес шешім етті:**

1. Полиция полковнигі С.А. Сейлханованың ұсыныстары назарға алынсын.

2. Қосымша білім беру факультеті (А.Г. Кан) және мүдделі кафедра басшылары 2025 жылдың соңына дейін аталған санат бойынша ІІМ қызметкерлерін даярлау және қайта даярлау бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша іс-шаралар жүргізсін.

**Академияның оқу процесіне тәжірибеге бағытталған оқытуды енгізу:  
тәсілдері, тәжірибесі және келешектегі даму бағыттары ақпараттық-  
әдістемелік семинарының (Семинар)  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

| Уақыты        | Спикер                                                                                                                                                                                                               | Баяндама тақырыбы                                                                                                                 |
|---------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 15.00 – 15.05 | <b>БИМОЛДАНОВ</b><br><b>Ержан Малаевич</b><br>Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы бастығының орынбасары, з.ғ.к., доцент, полиция полковнигі                                           | Кіріспе сөз                                                                                                                       |
| 15.05 – 15.15 | <b>ЧУКУМОВ</b><br><b>Галымжан Бауыржанович</b><br>Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы кәсіби даярлық факультетінің бастығы, PhD докторы, полиция полковнигі                           | Ішкі істер органдарының қызметкерлерін кәсіби даярлауда теория мен практиканың интеграциясы                                       |
| 15.15 – 15.25 | <b>КАН</b><br><b>Александр Герасимович</b><br>Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы қосымша білім беру факультетінің бастығы, з.ғ.к., полиция полковнигі                                | Методика формирования исследовательских компетенций у курсантов                                                                   |
| 15.25 – 15.35 | <b>КОРЖУМБАЕВА</b><br><b>Тамара Муслимовна</b><br>Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасының бастығы, з.ғ.к., профессор, полиция полковнигі        | Кейс-метод как инструмент практико-ориентированного обучения в системе ведомственного образования ОВД                             |
| 15.35 – 15.45 | <b>ЕСКЕНДИРОВ</b><br><b>Айдос Абдрахманович</b><br>Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының бастығы, з.ғ.к., доцент, полиция полковнигі | Роль криминалистических знаний в подготовке полицейских кадров                                                                    |
| 15.45 – 15.55 | <b>НАСЫРОВА</b><br><b>Эльмира Михтатовна</b><br>Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы құқық қорғау қызметін басқару кафедрасының бастығы, PhD докторы, полиция подполковнигі            | Формирование кадров нового типа в системе МВД: развитие практико-ориентированного обучения в условиях новой технологической эпохи |
| 15.55 – 16.05 | <b>ТЕН</b><br><b>Айнур Александровна</b><br>Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы Идеологиялық және имидждік жұмыс мамандарын даярлау орталығының бастығы, полиция подполковнигі        | Идеологиялық даярлық пен Soft skills дағдылары: полиция қызметінің жаңа келбетін қалыптастырудағы рөлі                            |



|               |                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                   |
|---------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 16.05 – 16.15 | <b>КАДЫРОВА</b><br><b>Рашида Турсуновна</b><br>Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы киберқауіпсіздік және ақпараттық технологиялар кафедрасының бастығы, полиция подполковнигі      | Құқық қорғау қызметінде киберқауіпсіздік мамандарын даярлауда тәжірибеге бағытталған оқытудың рөлі мен тиімділігі                                                 |
| 16.15 – 16.25 | <b>БЕКТАС</b><br><b>Арман Жайылбекұлы</b><br>Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы киберқылмысқа қарсы мамандарды даярлау орталығының бастығы, полиция полковнигі                    | Повышение качества образования в Академии и широкое внедрение практико-ориентированного обучения                                                                  |
| 16.25 – 16.35 | <b>ТОРГАУТОВА</b><br><b>Балғын Амирбековна</b><br>Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы құқық қорғау қызметін басқару кафедрасының доценті, з.ғ.к.                                   | Кейс-метод в обучении на примере дисциплины «Теория государства и права»                                                                                          |
| 16.35 – 16.45 | <b>ТЕЛЬТАЕВ</b><br><b>Бекжан Бекенович</b><br>Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы дене шынықтыру кафедрасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі                            | Академияның оқу процесіне тәжірибеге бағытталған оқытуды енгізу: Дене шынықтыру пәні мысалында                                                                    |
| 16.45 – 16.55 | <b>НАРБАЕВ</b><br><b>Бекзат Мұхтарұлы</b><br>Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша мамандарды даярлау орталығының бастығы, полиция подполковнигі | Экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша мамандарды даярлау орталығындағы біліктілікті арттыру курстарында интеграциялау ұстанымдарын тәжірибеде қолдану ерекшеліктері |
| 16.55 – 17.05 | <b>ЖАНДЫБАЕВА</b><br><b>Сауле Сериковна</b><br>Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы жалпы білім беретін пәндер кафедрасының доценті                                                 | Некоторые проблемы восприятия информации современного поколения в учебном процессе                                                                                |
| 17.05 – 17.15 | <b>СҮЛЕЙМЕНОВ</b><br><b>Адлет Даулетханович</b><br>Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы жедел - іздестіру қызметі кафедрасы бастығының орынбасары, з.ғ.м., полиция подполковнигі    | Использование инновационных образовательных технологий в повышении качества подготовки курсантов                                                                  |
| 17.15 – 17.25 | <b>АСАНБАЕВ</b><br><b>Ермұхаммед Бегалыұлы</b><br>Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі      | Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып курсанттардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру                                                             |



|               |                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                            |
|---------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 17.25 – 17.35 | <b>РАХИМБАЕВА<br/>Меиз Маратовна</b><br>Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов<br>атындағы Алматы академиясы Қылмыстық құқық<br>және криминология кафедрасының оқытушысы,<br>з.ғ.м., полиция майоры | Практико-ориентированные<br>подходы в преподавании<br>уголовного права и<br>криминологии в системе<br>подготовки курсантов<br>Академии МВД |
| 17.35 – 18.00 | Пікірталас, қарарды талқылау<br>Қорытындылау, Семинарды аяқтау                                                                                                                                       |                                                                                                                                            |

Семинар бағдарламасы бойынша Семинар жұмысын Кеңес төрағасы полиция полковнигі Е.М. Бимолданов ашты.

Өз сөзінде Төраға қазіргі заман талаптары мен қауіпсіздік саласындағы өзгерістерді ескере отырып, ведомстволық білім беру жүйесі теориялық білім берумен қатар практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы қажет екенін атап өтті.

Оның айтуынша, тәжірибеге бағдарланған оқыту – ішкі істер органдарының қызметкерлерін кәсіби даярлаудағы жаңғыртудың негізгі тетігі. Мұндай тәсіл курсанттарда қолданбалы құзыреттерді, сын тұрғысынан ойлау қабілетін және күрделі, стандартты емес жағдайларда әрекет етуге дайындықты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Төраға қазіргі уақыттағы ең басты басты міндет – кәсіби тәжірибеге барынша жакын, заманауи ғылыми және цифрлық тәсілдерге негізделген оқыту үлгісін қалыптастыру екенін атап өтті. Бұл цифрландыру, қауіп-қатерлердің артуы және қызметтік міндеттердің күрделене түсуі жағдайында айрықша маңызға ие.

Ол Семинарға қатысушыларға жемісті жұмыс, өзара тиімді пікір алмасу тілей отырып, бүгінгі іс-шараның нәтижелері оқу процесін жетілдіруге және болашақ мамандарды сапалы даярлауға серпін беретініне сенім білдірді.

**Бағдарламаның бірінші сұрағы бойынша** Кәсіби даярлық факультетінің бастығы, PhD докторы, полиция полковнигі Г.Б. Чукумов «Ішкі істер органдарының қызметкерлерін кәсіби даярлауда теория мен практиканың интеграциясы» тақырыбында баяндама жасап, білім беру процесінде теориялық білім мен практикалық машықтарды біріктірудің маңыздылығына тоқталды. Баяндамашы теория мен практиканы интеграциялаудың теориялық негіздеріне, интеграцияны іске асырудың практикалық нысандарына және оның тиімділігі мен нәтижелерін атап өтті.

**Бағдарламаның екінші сұрағы бойынша** қосымша білім беру факультетінің бастығы, з.ғ.к, полиция полковнигі А.Г. Кан өз баяндамасында курсанттарды ғылыми-зерттеу қызметіне тарту және оларды үздіксіз инновациялық даярлау жүйесін қалыптастыру мәселесіне тоқталды. Бұл жүйе болашақ маманның кәсіби қызметінде өзекті ғылыми мәселелерді анықтап, оларды дұрыс тұжырымдау және шешу, түбегейлі жаңа шығармашылық шешімдер табу және оларды тәжірибеге енгізу қабілеттерін дамытуға бағытталғанын атап өтті.

Баяндамашы курсанттардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін мектептегі тәжірибе мен оқуға ынтасын анықтап, баллдық-рейтингтік жүйе арқылы зерттеу жобалары, конференциялар, мақалалар және гранттар сияқты бағыттарда жүйелі жұмыс жүргізуді ұсынды. Аталған жүйе курсанттарды белсенді зерттеушілік



қызметке тартуға және олардың кәсіби дағдыларын жетілдіруге бағытталғанын атап өтті.

**Бағдарламаның үшінші сұрағы бойынша** әкімшілік-құқықтық пәндер кафедрасының бастығы з.ғ.к., профессор, полиция полковнигі Т.М. Коржумбаева «Кейс-метод как инструмент практико-ориентированного обучения в системе ведомственного образования ОВД» тақырыбында баяндамасымен сөз сөйледі.

Өз баяндамасында ол тәжірибеге бағытталған тәсіл білім алушыларды оқу процесіне белсенді тартуды, заманауи оқыту әдістерін кеңінен қолдануды талап ететінін және кәсіби ойлау, аналитикалық қабілеттерді дамытуға, сондай-ақ күрделі жағдайларда басқарушылық шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға кейс-әдістің ерекше ықпал ететінін атап өтті. Академияда тәжірибеге бағдарланған оқытуды дамыту болашақта білім беру процесін цифрландыруға, видеоситуациялар, аудио-сұхбат жазбалары, хаттамалар мен қызметтік тексеру материалдарын қамтитын электронды кейстерді кеңінен қолдануды негіздеді.

Сонымен қатар, спикер дамудың басым бағыттары ретінде пәндер арасындағы байланыстарды нығайту, қызметтік жағдайларды симуляциялайтын тренажерлерді пайдалану, іскерлік ойындар мен практикалық форумдар ұйымдастыру, сондай-ақ білім беру процесін ИМ бөлімшелерінің нақты тәжірибесімен интеграциялау ұсынылды. Бұл шаралар курсанттар мен тыңдаушылардың практикалық дайындық деңгейін арттыруға, кәсіби құзыреттерін нығайтуға және оқу мен қызмет тәжірибесінің тиімді үйлесімін қамтамасыз етуге септігін тигізетінін айтты.

**Бағдарламаның төртінші сұрағы бойынша** қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының бастығы з.ғ.к., доцент, полиция полковнигі А.А. Ескендиоров «Роль криминалистических знаний в подготовке полицейских кадров» тақырыбында сөз сөйледі.

Баяндамашы тергеушілерді кәсіби даярлау тиімділігін арттыру үшін тәжірибеге бағытталған оқыту әдістерін әзірлеудің маңыздылығын атап өтті және мұндай әдістерді тиімді қолдану үшін: болашақ тергеушілердің практикалық ойлауын дамытуға арналған кешенді сабақтарды енгізу, арнайы пәндер арқылы тергеу қызметіне қажетті нақты білім мен дағдыларды қалыптастыру, кәсіби коммуникацияны модельдейтін белсенді (соның ішінде ойын түріндегі) әдістерді қолдану, сондай-ақ түлектің қызметке бейімделу кезеңінде өз қателіктерін бағалауға мүмкіндік беретін рефлексиялық жұмысты жүргізу қажеттігін ұсынды. Сондай-ақ баяндамашы тергеушілерді криминалистикалық даярлау барысында техникалық оқыту құралдарын жетілдіруге бағытталған келесі ұсыныстарды қолдануға болатынын атап өтті:

– көрнекі құралдар арқылы ақпаратты көзбен қабылдауды қамтамасыз ететін техникалық оқыту құралдарын кеңінен қолдану;

– криминалистикалық білімді автоматты түрде бақылауға арналған бағдарламаларды оңтайландыру;

– техникалық-криминалистикалық құралдар мен тәсілдерді сипаттауға қатысты мәселелерді меңгеру үшін бағдарламаланған оқыту әдістерін қолдану;



– тікелей қабылдауға қиын процестерді көрсетуге мүмкіндік беретін электрондық оқыту құралдарын, соның ішінде мультимедиялық технологияларды кеңінен енгізу.

**Бағдарламаның бесінші сұрағы бойынша** қатысушылар «Формирование кадров нового типа в системе МВД: развитие практико-ориентированного обучения в условиях новой технологической эпохи» құқық қорғау қызметін басқару кафедрасының бастығы, PhD докторы, полиция подполковнигі Э.М. Насырованың баяндамасын тыңдады. Ол Академияда тәжірибеге бағытталған оқытудың белсенді түрде жүзеге асырылып, білім беру қызметінің негізгі бағыттарының бірі ретінде өз тиімділігін дәлелдегенін атап өтті. Алайда жетістіктерге қарамастан, жүргізілген талдау қолданыстағы жүйенің одан әрі жетілдіруді қажет ететінін көрсетті. Негізгі проблемалар материалдық-техникалық қамтамасыз ету, ұйымдастырушылық тетіктер мен кадрлық әлеуеттің жеткіліксіздігімен байланысты екенін ескере отырып, бұл бағытта жүйелі әрі кешенді шаралар қабылдау қажет екенін атады.

Спикер Академияда тәжірибеге бағытталған оқыту жүйесін одан әрі дамыту мақсатында келесі ұсыныстарды ұсынды:

1. Оқу процесінің мақсаты, қағидаттары, ұйымдастыру нысандары мен қалыптасқан құзыреттерді бағалау өлшемшарттарын айқындайтын тәжірибеге бағытталған оқытудың бірыңғай стандартын әзірлеп, енгізу. Бұл практикалық дайындыққа бірыңғай тәсілді қамтамасыз етіп, оның сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

2. Академия базасында практикалық даярлық және симуляциялық оқыту орталығын құру. Орталық заманауи тренажерлермен, имитациялық құралдармен және мультимедиялық құралдармен жабдықталып, нақты қызмет жағдайларын модельдеуге және практикалыққа ең жақын жағдайларда дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік беруі тиіс.

3. Аумақтық полиция органдарымен, сараптамалық орталықтармен және ғылыми мекемелермен ынтымақтастықты кеңейтіп, тәжірибе алмасу, бірлескен зерттеулер жүргізу және «практиктерді» білім беру іс-шараларына тарту мақсатында жұмыс жүргізу.

4. Белсенді түрде цифрлық технологиялар мен виртуалды симуляцияларды қолданып, стандарттан тыс және төтенше жағдайларда әрекет ету дағдыларын жетілдіру; қазіргі IT шешімдерін қолдану оқытудың интерактивтілігін арттырып, курсанттардың кәсіби ойлау қабілеті мен күйзеліс жағдайларына төзімділігін дамытады.

5. Оқытушылардың біліктілігін арттыруды жалғастыру, оның ішінде ПМ-нің қызметтегі бөлімшелерінде тағылымдамалар ұйымдастыру, оқу-әдістемелік семинарлар мен практикалық курстарға қатысу арқылы кәсіби білімдері мен дағдыларын жаңарту.

6. Курсанттардың практикалық дайындығының тиімділігін тұрақты мониторингтеу және бағалау, объективті көрсеткіштерді, сауалнамаларды, практика нәтижелерін және ПМ бөлімшелері өкілдерінің пікірлерін пайдалана отырып жүргізу; бұл оқу бағдарламаларын уақытында түзетіп, олардың нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді.



**Бағдарламаның алтыншы сұрағы бойынша** Идеологиялық және имидждік жұмыс мамандарын даярлау орталығының бастығы полиция подполковнигі А.А. Тен өзінің баяндамасында идеологиялық даярлық пен жеке тұлғалық және коммуникативтік дағдылардың (Soft skills) полиция қызметінің жаңа келбетін қалыптастырудағы маңызды рөлін атап өтіп, осы бағытта Академияның Идеологиялық және имидждік жұмыс мамандарын даярлау орталығында қазіргі таңда курсанттар мен қызметкерлердің құндылықтық бағдарын қалыптастыру, моральдық-психологиялық тұрақтылығын арттыру, коммуникация, көшбасшылық, шешім қабылдау, жанжалдарды басқару сияқты soft skills дағдыларын дамыту, сондай-ақ полицияның жаңа кәсіби келбетін қалыптастыруға бағытталған жобалардың жүйелі түрде әзірленіп, тәжірибеге енгізіліп жатқанын айтты.

**Бағдарламаның жетінші сұрағы бойынша** Киберқауіпсіздік және ақпараттық технологиялар кафедрасының бастығы полиция подполковнигі Р.Т. Қадырова «Құқық қорғау жүйесінде киберқауіпсіздік мамандарын даярлауда тәжірибеге бағытталған оқытудың рөлі мен тиімділігі» тақырыбында баяндама жасап, дәстүрлі және тәжірибеге негізделген оқытудың салыстырмалы сипаттамасын келтіре отырып, Академияда оқу процесін жетілдіру мынадай негізгі бағыттарда дамуы тиіс екенін атап өтті: нақты кибершабуылдар мен инциденттерді модельдеуге мүмкіндік беретін кибероқыту орталықтарын (CyberLab) құру; оқу процесіндегі практикалық модульдердің үлесін кемінде 40–50%-ға дейін арттыру; кибертергеу және цифрлық дәлелдемелермен жұмыс істеу бойынша симуляциялық курстарды енгізу; жасанды интеллект пен Big Data талдауын құқық қорғау саласына енгізу арқылы жаңа әдістемелерді әзірлеу; сондай-ақ CompTIA Security+, СЕН, CISSP сияқты халықаралық сертификаттау жүйелерін оқу бағдарламасына интеграциялау. Бағдарламаның жетінші сұрағы бойынша Киберқауіпсіздік және ақпараттық технологиялар кафедрасының бастығы, полиция подполковнигі Р.Т. Қадырова «Құқық қорғау жүйесінде киберқауіпсіздік мамандарын даярлауда тәжірибеге бағытталған оқытудың рөлі мен тиімділігі» тақырыбында баяндама жасап, дәстүрлі және тәжірибеге негізделген оқытудың салыстырмалы сипаттамасын келтіре отырып, Академияда оқу процесін жетілдіру мынадай негізгі бағыттарда дамуы тиіс екенін атап өтті: нақты кибершабуылдар мен инциденттерді модельдеуге мүмкіндік беретін кибероқыту орталықтарын (CyberLab) құру; оқу процесіндегі практикалық модульдердің үлесін кемінде 40–50%-ға дейін арттыру; кибертергеу және цифрлық дәлелдемелермен жұмыс істеу бойынша симуляциялық курстарды енгізу; жасанды интеллект пен Big Data талдауын құқық қорғау саласына енгізу арқылы жаңа әдістемелерді әзірлеу; сондай-ақ CompTIA Security+, СЕН, CISSP сияқты халықаралық сертификаттау жүйелерін оқу бағдарламасына интеграциялау.

**Бағдарламаның сегізінші сұрағы бойынша** киберқылмысқа қарсы мамандарды даярлау орталығының бастығы полиция полковнигі А.Ж. Бектас өзінің «Повышение качества образования в Академии и широкое внедрение практико-ориентированного обучения» тақырыбындағы баяндамасында Академияда тәжірибеге бағытталған оқытуды дамытудың келешегі инновациялық білім беру технологияларын одан әрі интеграциялаумен тығыз байланысты екенін айтып,



басым бағыттар ретінде симуляциялық оқыту орталығы мен тренингтік зертханаларды құруды, бірыңғай оқу кейстері базасын әзірлеуді, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуді, сондай-ақ практикалық дағдыларды сертификаттау мен тәлімгерлік жүйесін дамытуды ұсынды, сонымен қатар, ұзақ мерзімді перспективада Академия әрбір тыңдаушының жеке тәжірибесі мен практикалық тапсырмалар негізінде кәсіби құзыреттерін дамытуға мүмкіндік беретін бейімделмелі білім беру ортасын қалыптастыруды мақсат етіп отырғанын атап өтті.

**Бағдарламаның тоғызыншы сұрағы бойынша** құқық қорғау қызметін басқару кафедрасының доценті з.ғ.к. Б.А. Торгаутова «Кейс-метод в обучении на примере дисциплины «Теория государства и права» баяндамасында кейс-әдіс заңгерлік білім берудегі белсенді оқытудың заманауи технологиясы ретінде қарастырып, болашақ заңгерлер мен ПО қызметкерлерінің аналитикалық ойлау қабілеті мен кәсіби құзыреттерін қалыптастырудағы рөлін талдады. «Мемлекет және құқық теориясы» пәні мысалында кейстердің дидактикалық мүмкіндіктері, оларды әзірлеу және оқу процесіне енгізу әдістемесі сарапталды.

Сонымен қатар, спикер кейс-технологиялардың Қазақстан Республикасының жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген құзыреттілік тәсілді іске асырудағы маңызы негізделіп, теориялық білімді нақты құқықтық жағдайларда қолдануға қабілетті мамандарды даярлаудағы рөлі ашып көрсетті және Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық дамуының өзекті мәселелерін қамтитын оқу кейстерінен мысалдар келтірді.

**Бағдарламаның оныншы сұрағы бойынша** дене шынықтыру кафедрасы бастығының орынбасары полиция подполковнигі Б.Б. Тельтаев өзінің баяндамасында Академияның оқу процесіне тәжірибеге бағытталған оқытуды енгізу әдісін дене шынықтыру пәні мысалында көрсетті.

Автор Академияда дене шынықтыру сабақтарында тәжірибеге бағытталған тәсілдер ретінде модельдік жаттығулар мен сценарийлік тапсырмаларды, командалық және жарыс түріндегі жұмыстарды, цифрлық технологиялар мен бейнеталдауды, сондай-ақ өзін-өзі бақылау мен рефлексияны атап өтті.

Сонымен қатар, болашақтағы даму бағыттары ретінде курсанттардың физиологиялық ерекшеліктері мен кәсіби талаптарға сәйкес ғылыми негізделген оқу бағдарламаларын әзірлеу, оқу нәтижелерін онлайн қадағалау, талдау және бағалау жүйесін қамтитын цифрлық платформаларды пайдалану, сондай-ақ оқытушылардың тәжірибеге бағытталған заманауи әдістемелер бойынша біліктілігін арттыруға бағытталған кәсіби даму бағдарламаларын жетілдіруді, халықаралық тәжірибелермен алмасу аясында полиция академиялары арасындағы ынтымақтастықты кеңейтіп, үздік шетелдік тәжірибелерді бейімдеп, оқу процесіне енгізуді ұсынды.

**Бағдарламаның он бірінші сұрағы бойынша** экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша мамандарды даярлау орталығының бастығы полиция подполковнигі Б.М. Нарбаев «Экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша мамандарды даярлау орталығында біліктілікті арттыру курстарында интеграциялау ұстанымдарын тәжірибеде қолдану ерекшеліктері» тақырыбына баяндама жасады. Спикер интеграциялау ұстанымдарын тәжірибеде қолдану оқу процесін жүйелеуге, білім



алушылардың сыни және кешенді ойлау қабілетін дамытуға, оқуға ынтасын арттыруға, шынайы өмірлік жағдайлармен байланысты орнатуға және жекелеген пәндердің мазмұнын тереңдете отырып, тұтас дүниетаным қалыптастыруға мүмкіндік беретінін, әсіресе экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша мамандарды даярлау саласында құқық, психология, дінтану, коммуникация және ақпараттық технологиялар сияқты әртүрлі білім салаларының өзара байланысы негізінде тиімді дайындық жүргізілетінін атап өтіп, интеграцияланған тәсілдердің маманның кәсіби құзыреттілігін арттырып, оны әлеуметтік және рухани-мәдени кеңістікте нәтижелі әрекет ете алатын жан-жақты тұлға ретінде қалыптастыруға жағдай жасайтынын айтты.

*Бағдарламаның он екінші сұрағы бойынша* жалпы білім беретін пәндер кафедрасының доценті С.С. Жандыбаева «Некоторые проблемы восприятия информации современного поколения в учебном процессе» тақырыбындағы кейсінде білім алушылардың когнитивтік ерекшеліктерінің өзгеруін, цифрлық ортадағы зейіннің шоғырлануы мен оқуға ынтаның төмендеуін атап өтті; қазіргі курсанттар ақпаратты қабылдау және өңдеу тәсілдері бойынша бұрынғылардан ерекшеленетінін, ал проблема дәстүрлі оқыту әдістерінің интернет, әлеуметтік желілер мен мультимедиялық контенттің әсерінен қалыптасқан жаңа ойлау және қабылдау түрлеріне сәйкес келмеуінде екенін, сондықтан қазіргі курсанттардың оқу ақпаратын қабылдауындағы өзгерістерге назар аударып, білімді меңгерудің тиімділігін арттыратын педагогикалық тәсілдерді анықтағанын айтты. Спикер Қазақстанның заманауи педагогикасы цифрлық және дәстүрлі әдістердің арасындағы тепе-теңдікке негізделуі тиіс, бұл қазіргі ұрпақтың тұлғалық дамуын үйлесімді етіп, тұрақты когнитивтік дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді деп есептейді.

Сөзінің соңында ол оқу процесінде интерактивті және жобалық әдістерді енгізу, сыни және аналитикалық ойлауды дамыту үшін проблемалық тапсырмаларды қолдану, көрнекі ақпарат пен қысқа тапсырмалар, жобалар мен практиканы пайдалану, ақпаратты мөлшерлеп беретін цифрлық платформаларды қолдану, курсанттарға өзін-өзі ұйымдастыру және цифрлық гигиена дағдыларын қалыптастыру, оқытушылардың цифрлық педагогика саласындағы біліктілігін арттыру және білім алушыларға таңдау мүмкіндігін беру, ойын элементтерін қосу және зерттеуге ынталандыру арқылы білім беру тиімділігін арттыру қажет екенін атап өтті.

*Бағдарламаның он үшінші сұрағы бойынша* семинарға қатысушылар жедел-ізвестіру қызметі кафедрасы бастығының орынбасары з.ғ.м., полиция подполковнигі А.Д. Сулейменовтің «Инновациялық білім беру технологияларын қолдану арқылы курсанттарды даярлаудың сапасын арттыру» тақырыбындағы баяндамасын тыңдады. Спикер кеңінен қолданылып жүрген инновациялық білім беру технологияларының ішінен соңғы жылдары виртуалды және толықтырылған шындық (VR және AR) технологиялары елеулі дамып, курсанттарды оқытуда кеңінен қолданылып жатқанын атап өтті, олардың көмегімен виртуалды тактикалық жаттығулар өткізіп, техникалық құралдар мен процестерді модельдеп, қару-жарак пен техника басқару дағдыларын өмір мен материалдық ресурстарға қауіп төндірмей



жаттықтыруға болатынын, бұл технологиялардың оқу жағдайына толық ену әсерін жасап, эмоционалдық белсенділікті және оқу материалын жоғары деңгейде есте сақтауды қамтамасыз ететінін, сондай-ақ тәжірибелік мамандарды даярлауда тиімділігі дәлелденген «іс-әрекет арқылы оқыту» принципін жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін айтты.

Спикер сондай-ақ қазіргі педагогикалық тәсілдердің әрбір курсанттың жеке ерекшеліктерін ескеретін адаптивті оқыту технологияларын белсенді қолдануды көздейтінін атап өтті, жасанды интеллект пен деректерді талдау жүйелері оқытудың жекелендірілген траекторияларын қалыптастырып, білім алушының күшті және әлсіз жақтарын анықтап, жеке тапсырмалар мен ұсыныстар беретінін, бұл оқу процесін икемді әрі нәтижелі етіп, жалпы білім жетістігін арттыратынын және кәсіби күйзеліс қаупін төмендететінін, мұндай технологияларды енгізу тек техникалық қамтамасыз етуді ғана емес, оқытушылардың жоғары біліктілігін, жаңа құралдарды пайдалануға дайын болуын және цифрлық сауаттылығын үздіксіз жетілдіруді талап ететінін атап өтті.

*Бағдарламаның он төртінші сұрағы бойынша* әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының аға оқытушысы полиция подполковнигі Е.Б. Асанбаев семинар қатысушыларын «Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып курсанттардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру» тақырыбындағы баяндамасымен таныстырды. Спикер қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар ортасында курсанттардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру әдістемесін негіздеп, оны жүзеге асыру кезеңдерін ашып көрсетіп, нақты ұсыныстар ұсынды; ақпаратты іздеу, оны талдау және бағалау, сайттардың библиографиялық және тақырыптық тізімдері бар есептерді әзірлеу, желідегі байланысты ұйымдастыру және материалдарды жариялау сияқты ұсыныстарды біртіндеп меңгеру арқылы болашақ маманның веб-белсенділікті қалыптастыру қажет екенін, ал бұл дағдылар ақпараттық қоғамда өмір сүріп, табысты жұмыс істеу үшін маңызды екенін атап өтті.

*Бағдарламаның он бесінші сұрағы бойынша* қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы з.ғ.м., полиция майоры М.М. Рахимбаева «Практико-ориентированные подходы в преподавании уголовного права и криминологии в системе подготовки курсантов Академии МВД» тақырыбындағы баяндамасында тақырыптың өзектілігін қылмыстық-құқықтық пәндерді оқытуға тәжірибеге бағытталған әдістерді жүйелі түрде енгізу қажеттілігімен, сондай-ақ олардың тиімділігі мен Академия курсанттарын даярлау жүйесінде одан әрі дамыту мүмкіндіктерін талдаумен негіздеді. Сонымен қатар, қылмыстық құқық және криминологияны оқытудағы қазіргі заманғы үрдістердің белсенді бағыттарын атап өтіп, олардың Академияда, соның ішінде өзі қызмет ететін қылмыстық құқық және криминология кафедрасында қолданылып жатқанын нақты мысалдармен көрсетті.

Алдыңғы спикерлердің пікіріне қосыла отырып, баяндамашы тәжірибеге бағытталған оқытуды жүзеге асыру барысында білім беру, ғылыми және практикалық қызметтің интеграциясы ерекше маңызға ие екенін, әсіресе қылмыстық құқық пен криминологияны оқыту тек заң мәтіні мен ғылыми доктриналарға ғана



емес, сонымен қатар сот, тергеу және жедел тәжірибені талдауға негізделуі қажет екендігін атап өтті.

Баяндамашы қорытындылай келе, тәжірибеге бағытталған оқытудың тиімділігін арттыру үшін Академия мен ішкі істер органдарының практикалық бөлімшелері арасындағы тығыз ынтымақтастықтың маңыздылығын ерекше атап өтіп, үнемі кері байланыс орнату, тәжірибе алмасу және практик мамандардың оқу процесіне қатысуы оқу бағдарламаларының өзектілігі мен қолданбалы бағыттылығын қамтамасыз ететінін айтты; сонымен бірге, профессорлық-оқытушылар құрамының әдістемелік қамтамасыз етуді дамыту және кәсіби біліктілігін арттыру бағытындағы жұмыстары инновациялық оқыту нысандары мен технологияларын енгізуде шешуші рөл атқаратынын атап көрсетті.

**Семинар жұмысын қорытындылау.**

**Пікірталас.**

**Ұсынымдар дайындау және семинар жұмысын аяқтау.**

#### **Кеңес шешім етті:**

Ақпараттық-әдістемелік семинарды өткізу қорытындысы бойынша қатысушылар білім беру процесіне тәжірибеге бағдарланған тәсілді енгізудің өзекті мәселелерін, заманауи педагогикалық әдістемелер мен құралдарды, сондай-ақ ИМ жүйесі үшін жаңа форматтағы кадрларды даярлау міндеттерін талқылап, келесі ұсынымдар мен ұсыныстарды қабылдады:

**1. Тәжірибеге бағытталған оқытуды енгізуді Академияда білім беру процесін жаңғыртудың негізгі бағыты ретінде қолдау.**

Ұсынылады:

– курсанттарда қажетті кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатында ситуациялық және кейс-әдістерді, практикалық тапсырмалар мен тренингтерді белсенді пайдалану;

– тәжірибеге бағдарланған оқыту мәселелері бойынша профессорлық-оқытушылар құрамына әдістемелік қолдау көрсету, оның ішінде тәжірибеге бағдарланған оқытуға арналған әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

– тәжірибеге бағдарланған оқытудың үздік тәжірибелерімен алмасу мақсатында әдістемелік семинарларды жүйелі өткізу;

– тағылымдамалар мен кәсіби практикаларды ұйымдастыру үшін ИО практикалық бөліністерімен ынтымақтастықты күшейту;

– тағылымдамадан өту және практикалық оқыту мүмкіндіктерін ұсынуға дайын кәсіпорындар мен ұйымдармен серіктестік желіні кеңейту. Бұл тәсіл білім беру бағдарламаларының қазіргі еңбек нарығының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге және Академия түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді;

– практикалық сабақтар, мастер-кластар мен нақты қызметтік жағдайларды талдау жүргізу үшін оқу процесіне ИО практикалық қызметкерлерін (сарапшылар, жедел қызметкерлер, тергеушілер және т.б.) белсенді тарту;



- курсанттарға ПО қызметкерлерінің тарапынан тәлімгерлік пен кәсіби қолдау көрсету нысандарын дамыту;
- профессорлық-оқытушылар құрамы мен құқық қорғау қызметкерлерінің ұдайы тәжірибе алмасуы үшін жағдай жасау;
- курсанттарда заманауи полицей бейнесін қалыптастыру шеңберінде soft skills дағдылары мен идеологиялық дайындығын дамытуға ерекше көңіл бөлу.

## **2. Цифрлық және инновациялық оқыту құралдарын пайдалану**

Ұсынылады:

- пәндерді кәсіби құзыреттерді дамытуға, оның ішінде ЖИ, киберқауіпсіздік және цифрлық технологиялар саласына басымдық бере қайта қарастыра отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының мазмұнын жетілдіру;
- Оқу жұмыс бағдарламаларына (силлабустар) ҰҰА қолдану және полиция қызметінде жасанды интеллектпен жұмыс істеу негіздері бойынша тақырыптар енгізу;
- ҰҰА басқару және оларды жергілікті жерде қолдану бойынша практикалық сабақтар өткізу;
- тәжірибеге бағытталған дайындық үшін цифрлық құралдар мен платформаларды пайдалану;
- интерактивті оқу материалдары мен виртуалды тренажёрларды қоса алғанда, цифрлық контент әзірлеу;
- тәжірибе алмасу және тиімді педагогикалық тәжірибелерді тарату үшін сабақтарға өзара қатысуды ұйымдастыру;
- оқытудың цифрлық білім беру технологиялары мен заманауи әдістемелерін пайдалану мәселелері бойынша ПОҚ біліктілігін арттыруды жүргізу;
- білім алушылардан кері байланыс: білім беру процесін ұдайы жақсарту үшін Академияда білім алушылардан оқыту сапасы және енгізілетін инновациялар туралы пікірлер мен ұсыныстарды жүйелі түрде жинауды ұйымдастыру.

## **3. Оқытудың зерттеу және қолданбалы нысандарын біріктіру**

Ұсынылады:

- зерттеу мен практикалық дайындықтың құрамдас бөліктерін біріктіруге бағытталған жобалық қызметті оқу процесінің бір бөлігі ретінде белсендірек енгізу. Мұндай жобаларды іске асыру білім алушылардың қылмысты әлеуметтік құбылыс ретінде тұтас түсінуін қалыптастыруға, аналитикалық ойлауын, практикалық дағдыларын және тиімді профилактикалық шара ларды әзірлеу қабілетін дамытуға ықпал етеді. Курсанттардың ғылыми-зерттеу жобаларына қатысуы олардың оқуға деген ынтасын арттырып, сыни ойлау қабілетінің дамуына септігін тигізеді;
- ПО нақты мәселелерін шешуге бағытталған жобалардың қорғалуымен конкурс, конференция және дөңгелек үстелдерді ұйымдастыру.

## **4. Тәжірибеге бағытталған оқу ортасын дамыту**

Ұсынылады:



– Академияның материалдық-техникалық базасын криминалистика, киберқылмыстарға қарсы тұру, қылмыстарды тергеу, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті қорғау, құқық бұзушылықтардың алдын алу және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы әкімшілік практика, кәсіби қызметті имитациялық модельдеу мүмкіндіктері бойынша практикалық дағдыларды пысықтау үшін жабдықталған оқу полигондары мен мамандандырылған аудиториялар құру арқылы нығайту;

– полиция қызметкерлерінің нақты жұмыс жағдайларына жақын бағдарламалық қамтамасыз етумен және техникамен қамтамасыз етілген заманауи криминалистикалық зертханалар мен ІТ-сыныптарды жабдықтау;

– оқу процесін заманауи техникалық құралдармен, соның ішінде дрондармен, тренажерлармен, бейнебақылау жүйелерімен, цифрлық криминалистика және ЖИ-аналитика құралдарымен жарақтандыруды қамтамасыз ету.

Кеңес төрағасы  
полиция полковнигі

Е.М. Бимолданов

Хатшы  
полиция подполковнигі

Г.А. Қаланбек